Хаттама
Рахат ауылдық округі әкімінің аппараты

Қайназар ауылы **№ 7** **25 қыркүйек 2025 жыл**
сағат 11:00

Қатысқандар: Рахат ауылдық округі әкімі орынбасары – Р.Қыдырғожаев
Жергілікті қауымдастық өкілдері – 9 адам

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. **2025 жылдың тендерлік экономикадан үнемделген қаражатты қарастыру;**

2. **Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алумен ғимаратқа газ құбырын тарту және қыс мезгілінде жолды қардан тазалау жұмыстарын жүргізу.**

Округ әкімі орынбасары Р.Қыдырғожаев:
-Құрметті, округіміздің жергілікті қауымдастық өкілдері!
Жыл басында қанша қаражат қайда бөлінгені өздеріңізге мәлім. Бірталай жұмыстар жасалып басталды. 2025 жылдың тендерлік экономикадан үнемделген 4457 (төрт миллион төрт жүз елу жеті) теңге қаражат қалып отыр. Осы үнемделген қаражатты Рахат ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратына газ құбырын жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттама жасатуға, ғимаратта тұрған елтаңба және тудың ескіруіне байланысты, ішкі және сыртқа ілінетін елтаңба мен ту алуға, 2019-2024 жылдар аралағындағы аппараттың құжаттарын мұрағатқа тапсыру, Рахат ауылдық округіне қарасты БАК тас жолы бойындағы түнгі жарық шамдардың жанбай тұруына байланысты, трансформаторға жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жұмсасақ деген ұсынысымыз бар. Сонымен қатар ғимаратқа газ құбырын тарту және қыс мезгілінде жолды қардан тазалау жұмыстарын жүргізу. Кімде қандай ұсыныстарыңыз бар?

Сөз жиын төрағасы Бахберген Ашимовқа берілді:

Құрметті жиынға қатысушы азаматтар және Руслан Ерланұлы! Сіздердің ұсынып отырған мәселелер дұрыс. Осы үнемделген қаражатты осы айтылған бағытта жұмсауға біздің еш қарсылығымыз жоқ. Жиынға қатысып отырған азаматтардың барлығы ұсыныстарыңызды қолдайды. Сонымен қатар, әкімшілік ғимаратына газ құбырын жүргізу үшін «Гала Сервис Газ» ЖШС-ін және қыс мезгілінде жолды қардан тазалау жұмыстарын жүргізу үшін «Alzhan Group» ЖШС –інің әзірлеген жобаның техникалық талаптарға сәйкестігіне қолдау көрсетіледі.

Сондықтан бұл жобаны қолдайсыздар ма? Дауыс берейік!

Қарсылықтар жоқ. Бірауыздан қабылданды.

Рахат ауылының тұрғыны, жергілікті қауымдастықтын өкілі Кенес Уразалиев:
Әрине, осындай үнемделген қаражатты пайдалы іске жұмсауға біздің қарсылығымыз жоқ.
Сөз жиын төрағасы Бахберген Ашимовқа берілді:
Ол мәселені осы аппаратың мамандарына тапсырайық. Шығындар есептеліп, қажетті қаражат көлемі шығарылсын. Құжаттарды жинастырып, аудандық тиісті бөлімге өтінім берілсін.
Жиналыста отырған жергілікті қауымдастық мүшелері аталған ұсынысты бір ауыздан қолдады.

Қалыс «жоқ» Қарсы «жоқ»

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:

Күн тәртібінде қаралған төмендегі мәселелер бір ауыздан мақұлданды.

Scanned with CamScanner

1. 4457 млн тг. үнемделген қаражатқа сұраныс ретінде аудандық экономика және қаржы бөліміне бюджеттік өтінім жіберілсін.
2. «Гала Сервис Газ» ЖШС-інің жұмысы сапалы және жылдам орындалауы қамтамасыз етілсін.
3. Қыс мезгіліндегі жолдардарды тазалау жұмыстарын жүргізу сапалы болуы қамтамасыз етілсін.

Жиын төрағасы **Б.Ашимов**

Жиын хатшысы **Р.Жанбосынова**

Қатысқандар:

1. Толкынов Амангельды
2. Байбатыров Ынтымак
3. Надырова Эльвира
4. Качиев Абдул
5. Самбетбаев Дакенай
6. Карикбаев Алибек
7. Туяков Келгенбай

Scanned with CamScanner